КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 04 қазан №7119-24-00-2/11123 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Ж.Ж.Нұрғалиева
сот отырысының хатшысы А.Галиеваның қатысуымен ашық сот отырысында электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. Жеке кәсіпкер «Айдана» атынан Манапова Айдана Еркиновна
2. «SKIass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 10 маусымда Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК мен ЖК «Айдана» арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Баға ұсыныстарын сұрату туралы» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-06-06 №12478069-ЗЦП1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №6/913 шарт жасалды.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес 6/913 тауар – бояу (су имульсиясы) 752 850 000 теңге сомасына - 3150 кг. Жеткізудің жоспарланған мерзімі Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн (09.07.2024 ж. дейін). Тауар жеткізілмеді. Шарт 26.07.2024 жылы бұзылды.

2024 жылғы 01 шілдеде Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК мен ЖШС «SKIass» арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы және «Баға ұсыныстарын сұрату туралы» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 2024-06-14 №12527637-ЗЦП1 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 6/1016 шарт жасалды.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 07.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 08.11.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 11.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес 6/1016 тауар – вантуз (әуе фланеці) 2 624 264.16 теңге сомасына 17 дана. Шартқа қол қойылған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн. Шарт 19.07.2024 жылы бұзылды.

Талап қоюшы сотқа жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген. Оның негізіне, жауапкерлер шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкерлер сот отырысында қатысқанжоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекісінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.11.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 11.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Айдана» атынан Манапова Айдана Еркиновна, «SKIass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап коюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Айдана» атынан Манапова Айдана Еркиновна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Айдана» атынан Манапова Айдана Еркиновнадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«SKIass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SKIass» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Ж. Д., 07.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.11.2024, судья Нұрғалиева Ж. Д., 11.11.2024

7119-24-3-1/10384